Газет облыстық ішкі саясат департаментінің тапсырысы бойынша шығуда

# ЖАСТАР дауысы



[illegible]

№2 (98) 30.01.2007 ж.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

# Данышпандық жас талғамайды

Ұлы адамдардың өзін ортасы қажетсінбеген, түсінбеген оқиғалар тарихта аз кездеспейді. Олардың дарыны көпшілігінің есейген шақтарында кейде қайтыс болғаннан кейін ғана мойындалған. Фин маршалы Маннаргейм мысалы, бала кезінде ми қабілетімен көзге түспейді. Жеті жасына дейін тіпті сөйлей де алмаған. Алайда, одан кейін оның тез жетілгені соншалық, көп ұзамай-ақ адамдармен шет тілінде сөйлесе бастаған Француз жазушысы Эмиль Золя мектепте жүрген кезінде әдебиеттен қанағаттанарлық деген бағаға әупірімен қол жеткізген. Ағылшын ертегішісі Ганс Андерсен де, орыс жазушылары Лев Толстой мен Антон Чеховта бала кездерінде ерекше қабілеттері мен көзге түсе қоймаған екен.

Ұлы микробиолог Луи Пастерді химия пәнінің мұғалімі ортанқол ғана үлгерім иесі деп бағаласа, аса дарынды ғалым Альберт Энштейн туралы ұстазы "Бұл баладан түк шықпайды, ешқандай да жөні түзу адам болмайды" деген кесім айтқан. Энштейнді кейін де көп адам топас деп есептеген. Аса қабілетті адамдардың ендігі бір тобы — кішкентай кездерінен-ақ таңғаларлық қасиет танытатын вундуркиндтер болған. Ағылшындық Рут Лоуренс 14 жасында Оксфорд университетіне физикадан емтихан тапсырған. Университеттің барлық курсын тамамдап шығу үшін оған небәрі бір-ақ жыл керек болған. Математика саласы бойынша ұлы данышпан ғалым Карл Фридрих, Раусь үш жасында әкесіне ойша есеп шығарудан көмектескен. Норвегияның музыка пірі саналатын Вольфганг Плагке 3 жасар кезінде Прамс пен Гендел шығармаларын кәдімгідей-ақ импровизацияланғанын біреу біліп, біреу білмес те.

Оңтүстік Кореялық вундуркинд Ким Унг Енг болса он айлық кезінде айналасындағылардың қимылын айнытпай салатын болған. Ол тіпті кейбір иероглифтерді танып тек оны тілінде ғана емес, ағылшын тілінде де еркін сөйлей алған.

Ағылшындық Тим Денонс үшке толған шағында белгілі әнші Силм Блейкке арналған өзінің сүйіспеншілік шығармасын орындап анасын шалқасынан түсіре жаздаған. Грузиялық он бір жасар оқушы өзі ойлап тапқан теориясымен ұстаздарын таңқалдырыпты.



***Баймахамбетова Мөлдір, Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық - экономикалық колледжінің III курс студенті***